

acts, reveals the scientific concepts associated with legal equipment, methods and principles used in the creation and adoption of normative legal acts. Accordingly, disclosed the methods used in formulating the text of a legal act – are important elements of the legislative technique, as logic, style and language of the law, their significance and role in shaping the quality of the laws.

Key words: legislative technique, legal-norm act, legislation, legislator, the language of the law, style of law, legal terminology, scientific conception

Қолданыстағы заңдардың ғылыми деңгейі, заң шығармашылығының тиімділігі заң шығару техникасының деңгейіне тікелей байланысты. Еліміздің қарқынды дамуы жағдайында заң жобаларын дайындау техникасына қатысты талаптар біршама күшейді. Кез келген техника адамдардың қалыпты өмір сүруі үшін қажетті қандай да бір нәрсені жасаумен байланысты қызметті неғұрлым тиімді ету үшін жасалатын адамдар қызметінің амал-әдістерінің жиынтығы ретінде анықталады. Ал, заң шығару техникасы адамзат қызметінің заң шығармашылығы, құқық нормаларын сырттай байқату және нысанда бекіту жолымен құқықтық актілерді жасау процесі секілді өзгеше қызмет түрімен байланысты. Қолданыстағы актілердің саласы, жалпы құқықтық реттеудің тиімділігі заң шығару техникасының деңгейіне байланысты. Заң шығару техникасы заң актілерінің жобаларын дайындаудың таза техникалық жақтарын қамтиды. Техникалық жақ ретінде дайындалып жатқан жобалардың мазмұнына тікелей қатысты болмайтындардың барлығы қарастырылады. Олар қолданбалы сипатта болады және олар жобалардың сыртқы ресімделуіне, оларды даярлау әдістемесіне қатысты болады. Осы тұста айта кететін бір жай, ғалымдар «заң шығару техникасы» ұғымын кең және тар мағынада анықтайды. Біздің анықтауымыз олардың тар мағынадағы анықтауына келеді. Тіпті көзқарасты ұстанушы ғалымдардың бірі Д.В.Чухвичев былай дейді: «Заң шығару техникасын нормативтік-құқықтық актілер жүйесін жасау мен өзгерту амалдары мен әдістерінің, тәсілдері мен қағидаларының жүйесі ретінде анықтауға болады. «Заң шығару техникасының» мұндай кең анықтамасы оның ұғымына заңнама жүйесін құрудың барлық процесін кіргізеді: нормативтік-құқықтық ережелерді құру амалдары және оларды мәлімдік нысанда баяндау; нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу процесі; оларды қабылдау жөніндегі процедуралар, оларды жетілдіру жолдары; оларды өзара сәйкестікке келтіру және жүйелеу әдістемесі; заң шығармашылығына әсер ететін әлеуметтік факторлар және т.б. Тар мағынада заң шығару техникасы – бұл құқық нормаларының ережелерін нормативтік-құқықтық актілердің

балтарында баяндаудың амалдары мен әдістерінің жүйесі» [1, С. 21-22]. Байқап отырамыздай, аталмыш ғалым заң шығару техникасын тар мағынада анықтау арқылы оған нақты заң актісін құру әдістемесін ғана, оның құрылымын қалыптастыру мен жобаның авторының жұмысына әсер ететін факторлардан тыс заң жобасының мәтінін құрастыруды ғана жатқытады. Расында да тар мағынада (тікелей мағынада) заң шығару техникасы заң актілерінің жобаларын дайындаудың таза техникалық жақтарын қамтиды. Ал, техникалық жақ ретінде дайындалып жатқан жобалардың мазмұнына тікелей қатысты болмайтындардың барлығы қарастырылады және олар жобалардың сыртқы ресімделуіне, оларды даярлау әдістемесіне қатысты болады. Тіпті мәселені зерттеуде ғылымда заң шығармашылығын қоса құқық шығармашылығы саласындағы процедуралық-процессуалдық нормаларды заң шығармашылығы техникасы ережелерімен толығымен өділ, дұрыс бөледі. Өйткені, жоба бойынша, оның мазмұнын бойынша жұмысты ұйымдастыру – бөлек іс-шара ... «Құқықтық актілер туралы» ҚР заңының 2016 жылдың 8 сәуірінде қабылданған жаңа нұсқасында алғаш рет заң техникасы ұғымы анықталды. Атап айтсақ, тіпті заңның 1 бабында бекітілгендей заң техникасы – құқықтық актілерді ресімдеу тәсілдерінің, талаптары мен қағидаларының жиынтығы.

Жалпы «техника» термині грек тілінен шыққан, шеберлік деген мағынаны білдіреді. Ол қолданылу аясына қарай өзгешелікке ие көпмағыналы ұғым болып табылады. Заң шығармашылығы саласына қатысты техника – бұл құқықтық ережелерді құрастырудың, заң жобасын жазу амалдарының жиынтығы. Олай болса, заң шығару техникасы – бұл заң актілері жобасының мәтіні бойынша жұмыс істеудің әдістемелік амалдары, оны құраудың және ресімдеудің тәртібі. Аталмыш амалдардың және тәртіптердің объектісі болып жобаны, мәтінді дайындау жөніндегі ұйымдастырушылық қатынастар емес, жобаның өзі, оның мәтіні табылады.

Заң шығару техникасы келесідей бірқатар өзекті мәселелерді қамтиды:

- заң жобаларының мәтіні бойынша жұмыс жүргізудің әдістемелік тәртібі,
- нормативтік актілерге өзгерту мен толықтыруларды біріншай ресімдеу, оларды толығымен немесе ішінара жою,
- нормативтік актілерді біріктіру әдістері,
- нормативтік актінің балтарында заң шығарушының ойын неғұрлым жетік, қисында баяндау амалдары, оның неғұрлым мақсатты құрылымын таңдау,
- заң актісінің тілі және заңи терминология,
- заң актісін аудару,
- т.б.

Сонымен, заң шығару техникасы – бұл заң шығармашылығы практикасына егізделген және теоретикалық тұрғыда сараланған заң актілерінің жобаларына нысана және құрылымы бойынша неғұрлым жетік және мақсатқа сай даярлаудың тәртібі және амалдары. Мұндай тәртіптер мен амалдар құқықтық актілер нысандарының оның мазмұнына неғұрлым толық және нақты сөйкес келуі, актілердің қаралайымдылығы мен жеңіл түсінілуі, реттелетін мәселелердің толық ауқымын қамтамасыз етеді.

Қандай да бір нақты құқықтық актіні жасау арқылы оны республикамыздың біртұтас заңнама жүйесіне қосу қызметі құқық нормаларының заңдардың мәтінінде көрініс табуы үшін қатаң анықталған амалдарды қолдануды шамалайды. Мәселе заң шығару процесі қатысушыларымен танылған және сараланған объективтік қажеттікті мәтіндік нысанда нақты байқату туралы болып отыр. Ал, бұл қызмет нақты жетілген қисық жүйесіз, дамыған заң стилісіз және жалпы тілден ерекшеленетін өзгеше заң тілісіз мүмкін емес. Олай болса, заң шығару техникасының аса маңызды элементтері болып құқықтық нормаларды құрудың қисындылығы, заңның стилі және оны жасау кезінде қолданылатын тіл секілді мәселелер табылады. Заң актісін құрудың қисындылығы, заңның стилі және тілі – заң актілерін қалыптастырудың теоретикалық негізі болып табылады. Бұлардың заң шығармашылығында маңызды орын алуы бекер емес. Заң шығару техникасының нақ осы аталған элементтері – қисын, заңның стилі мен тілі – құқықтық ережелер арасындағы және олардың заңдардың (нормативтік-құқықтық актілердің) мәтінінде көрініс табуымен арасындағы мағыналық біртұтастықты қамтамасыз етеді. Олай болса, заң шығармашылығында заң шығару техникасының қисын, заң тілі мен стилі секілді элементтері болашақ заңның тиімділігінің алғышарты болып табылады.

Заң шығару техникасының бұл элементтерінің маңызын бағаламау мүмкін емес. Тағы қайталап айтамыз, нақ осы элементтер заң шығарушы заңнамаға енгізуді ниет еткен құқық нормасы мен нормативтік құқықтық акт бабы арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.

Заң шығару техникасының элементтері ретінде қисын, заңның стилі мен тілінің функционалдық тарауымы – заңнамада көрініс тапқан нормативтік құқықтық ережелердің дұрыс ұғынылуын, құқықтық қатынас субъектілерінің заңда бекітілген құқық нормаларының талаптарын дұрыс қабылдауын, нормативтік-құқықтық актілердің мәтінінде заң шығарушының мақсатының нақты көрініс табуын қамтамасыз ету болып табылады [1, 215 с.]. Заңның қисыны нормативтік құқықтық актілердің (заңдардың) құрамдас бөлшектерінің арасындағы қажетті мағыналық байланыс жүйесі

болып табылады. Ол нормативтік құқықтық актілерді (заңдарды) біртұтас мағыналы құрылым ретінде сипаттайды. Заңның стилі ретінде заңның мәтінін жазу амалдарының, ережелері мен әдістерінің, қағидаларының жүйесін, оның мағынасы сөзбен құраудың, білдірудің нышанды белгілерінің жиынтығын анықтауға болады. Ал заңның тілі ретінде, әдетте нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін құру кезінде қолданылатын терминдердің жүйесі анықталады.

Заң шығару техникасының бұл элементтерінің маңызы зор. Себебі, заң шығарушының ойы, идеясы мен көзқарасы және оның қызметінің нәтижесі – заңның мәтіні арасындағы мағыналық ашақтық, сөйкессіздік келесідей теріс салдарға алып келуі мүмкін: заң шығармашылығының мақсатына қолжетпейсіздік, қоғамдық қатынастардың түпкілікті, толық реттелмеуі немесе қате, құқықтық емес, яғни, қоғамдық мүддеге қайшы түрде реттелуі.

Ғалым Д.А.Керимов атал кеткендей «Заңның қисынының бұзылуы, оның түсінігінің, құрылуының нақты еместігі, пайдаланылған терминдердің айқын еместігі көптеген сурақтар туындайды, өзгертулер мен толықтырулар жасауға, түсіндірмелер мен түсініктемелер беруге соқтырады, уақыт, күш пен энергияны жөнісіз кетіруге алып келеді, бір мезетте бюрократиялық бас өкілшілікке салушылық үшін негіз бола отырып заңның мәнін бұрмалауға және оны дұрыс қолданбауға мүмкіндік береді» [2, С.95]. Заңның қисыны бұзылған жағдайда орын алуы мүмкін Д.А.Керимов анықтаған бұл жағдайлармен келіспеуге болмайды.

Ал енді заң актісінің мазмұнына техникалық жағынан қарастырсақ оның сөтті, сапалы болуы заң актісінің тілі мәселесіне де байланысты. Заң шығармашылығына қатысты күрделі жұмыс терең ойлаудың арқасында жүргізіледі, ал ойды білдірудің бірден-бір жолы – бұл тіл. Егер тіл анық және дұрыс болса, стилистика заңнама бағына ол дұрыс ойлауға үйретеді. Ал енді заң тілінің қандай дәрежеде болуы керектігіне тоқталсақ, Имре Сабоның мына пікірін айта кеткен жөн: «Заң тілі» деп аталатын бұл тіл арнайы сөздермен, техникалық терминдермен толықтырылған дағдылы әдеттегі тіл, яғни күнделікті өмірде кездесетін сөз-сөйлемшелерді неғұрлым нақты қолданатын тіл» [3, С.443]. Олай болса, заңның тілі – бұл әдеби, халық қолданатын тіл.

2010 жылдың 6 сәуірінде қабылданған ҚР «Құқықтық актілер туралы» заңының 24-бабына сөйкес, нормативтік құқықтық актілердің мәтінінің мазмұнына және жазылу стиліне белгілі бір талаптар қойылады. Заңның тиісті бабын саралау негізінде актілердің мазмұнына қойылатын талаптарды және актілердің жазылу стиліне қойылатын талаптарды бөліп көрсетуге болады. Алдымен тиісті заңға сөйкес нормативтік құқықтық акт мәтінінің жазылу стиліне қойылатын талаптарға

келсек, тиісті актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылуы керек, нормативтік құқықтық актінің мәтіні бірыңғай қаріппен басылуда тиіс. Сонымен қоса, заң актісінің мәтінін жазуда көкерген және қолмағалы сөздер мен сөз орамдарын, эпитеттерді, метафораларды қолдануға, сөздерді қысқартуға жол берілмейді. Заң актісінің мәтінін жазылу стиліне қойылатын тағы да бір талап – нормативтік құқықтық актінің құрылымдық бөлігінде жазылған құқық нормасы дәл осы актінің басқа құрылымдық бөліктерінде қайталан жазылауы.

Ал енді актілердің мазмұнына қойылатын талаптарға келсек, оның ережелері барынша қысқа болуға, нақты және өртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағыналы қамтуға тиіс. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мағыналық және құқықтық жүктемесі жоқ декларативтік сипаттағы ережелер қамтылмауға тиіс [4, 24 бап 3 т.).

Заңның тиімділігі өз кезегінде оның тілінің келесідей құндылықтары арқылы: заң тілінің қисындылығы, қысқалығы, нақтылығы және түсініктілігі арқылы байқалады. Расында да бұл талаптар заңның халыққа қабылдануына түсінікті болуына, олай болса, қабылданатын заң актісінің шынайы өмірде орындалу дәрежесіне байланысты. Нормативтік актінің мәтінінде қисындылықтың болмауы заң шығармашылығын жоққа шығарады. Заң актісінің қисындылығына нормативтік ережелердің қысқа, нақты және түсінікті болуы талаптарын сақтау арқылы ғана қол жеткізуге болады. Заң ережелерінің қысқалығы талабы заң мәтінінің негізгі анық және қысқаша жазылуын білдіреді. Ол фразеологиялық нәсілсіздікке, артықшылыққа жол бермейді. Заң тілінің нақтылығы талабына келсек, ол құқық нормаларының мәнін толық, дұрыс және бір мағынада көрсететін тілдік көріністі білдіреді. Бұл талапқа сөздерді дұрыс қолдану мен олардың арасындағы байланыстың дұрыс болуы нәтижесінде ғана қол жеткізуге болады. Олай болмаған жағдайда, заң ережелерінің мазмұнының анық, нақты еместігі салдары туады. Заң актісіне қойылатын нақтылық талабы бұзылған жағдайда, Б.Спасов бұл кемістікті былай жоюға болатынын шамалайды: егер де нақты, анық еместік заңды жариялау кезінде

қателіктер жіберу нәтижесінде пайда болған болса, онда тиісті кемістіктер түзетулерді жариялау тәртібімен жойылады. Айқын нақты еместік жіберілген болса, заңның мәнін жаңа деңгейге қайта қарау арқылы да жүргізілуі мүмкін. Егер нақты еместік құқықтық норманың мағынасын анықтауға кедергі жасайтындай елеулі болса, онда оның жойылуы тек заң шығару жолымен ғана жүзеге асырылуы тиіс [5, С.156].

Заң дұрыс түсінілгенде ғана өмір сүреді. Ол үшін әрине оның анықтылығы керек. Сондықтан да заңға қойылатын келесі талап – оның анық, айқын, түсінікті болуы. Ал, заңның азаматтарға түсінікті болуы дегеніміз заң тілін әрбір азамат нақты және дұрыс түсінуіне мүмкіндік беретіндей қаралаймын болуы.

Міне, бұл аталған шарттар – заң актісінің тіліне қойылатын талаптар. Бұл талаптар өмірде жүзеге асырылып жатыр ма? Әсіресе, қазақ тілінде шығатын заңдар бұл талаптарға толық жауап бере ме? Сірә, жоқ болар. Мұны қазақ тіліндегі заңды оқып, оны ұғынбайтын, белгілі бір Ереже туралы екі түрлі ойда қалатын, заңды қазақ тілінде даярлап, қабылдайтын күн туар ма екен деп шынбы жаны шырпадап жүрген азаматтардың сөздерінен, жазбаларынан байқауға болады. Мысалы, Парламенттің қазақ тілінде қабылдап жатқан заңдары қоғамда туындап, өзгеріп не жойылып жатқан қоғамдық қатынастарды реттеуде, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға жағдай жасап отыр деп, бүгінгі күні, біз айта аламыз ба? Үкіметтің қазақ тілінде даярлаған заң жобасы тіпті аудармалы түрде болсын, оның ішінде, Әділет министрлігінің сараптау жұмыстарынан өткен, Парламенттің екі бірдей Палаталарында талқыланып, қабылданған қазақ тіліндегі заңды құрметпен қаралып, қабылданған заң деп айта аламыз ба? деп қинала, ақиқатты жазған, азаматтар мақаласын газет-журналдардан жиі кездестіруге болады.

Мұндай азаматтарға көбіне қолына амалсыздан қалам алдыратын бір себеп – орыс тілінде дайындалып, қабылданатын заңдардың қазақ тіліне қисынсыз, шамалас, тіпті кейде қайшылықта аударылуы. Мұндай жексөздік өмірде өз көрінісін беріп жатыр, яғни заң нормалары мағынасына қарай емес, сөзбе-сөз, тікелей аудару көпшілікті қараңғы, түсінісіз тұнғышқа жетелеуде.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- Д.В.Чухвичев. Законодательная техника. Второе издание. - М.: ЮНИТИ-ДАНА: Закон и право, 2012. - 415 с.
Д.А.Керимов. Законодательная техника: научно-практическое пособие. М., 1998.
Т. Жігісов. Избр. соч. - София, 1979. Т.24, 582 с.
«Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480-V ҚРЗ
Заңон и его толкование. Перевод с болгарского / Спасов Б.П.; Отв. ред.: Калиштин Е.И.; Пер.: Сафонов В.М. - М.: Юрид. лит., 1988. - 247 с.